

# Батыс Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы



**Батыс Қазақстан облысы, Казталов  
ауданының бюджет қаражаты мен  
мемлекет активтерін пайдалану  
тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік  
аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-  
шараның нәтижелері бойынша  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**Орал қаласы  
2024 жыл**

**Батыс Қазақстан облысы бойынша  
тексеру комиссиясының төрағасы  
А.Ч.Қадырбековке**

**Аудиторлық қорытынды**

**I. Кіріспе болік**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданының бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шара.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Казталов ауданының бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін пайдалану тиімділігін бағалау және сараптамалық-талдау іс-шарасы.

**1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:** «Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ-і (бұдан әрі - Казталов ауданы әкімінің аппараты), «Казталов ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ-і (бұдан әрі - аудандық экономика және қаржы бөлімі), «Казталов ауданының сәулет, қала құрылышы және құрылым бөлімі» ММ-і (бұдан әрі - аудандық сәулет, қала құрылышы және құрылым бөлімі), «Казталов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і (бұдан әрі - аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі), «Казталов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-і (бұдан әрі - аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дene шынықтыру және спорт бөлімі), «Казталов ауданының жер қатанастары бөлімі» ММ-і (бұдан әрі - аудандық жер қатанастары бөлімі), «Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і (бұдан әрі - Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты), «Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-і (бұдан әрі - Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты), «С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – аудандық мәдени демалыс орталығы).

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2022 жылдың 1 қантарынан 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

**II. Негізгі (талдамалық) болік**

**2.1. Аудиттегетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.**

Казталов ауданы 1928 жылы құрылған (1997 жылы ауданга Жалпақтал ауданы қосылған) және облыстың оңтүстік бөлігінде орналасқан. Аудан аумағы 18,6 мың км<sup>2</sup>. Ресей Федерациясының Саратов облысымен шектеседі. Солтүстік-батыста Александров-Гай ауданымен (45 км қашықтықта), Батыста Новоузен ауданымен (8 км қашықтықта), сондай-ақ Ветелки, Чережный және Пограничный сияқты шағын ауылдармен шектеседі.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша халық саны 29 177 адамды құрайды, оның ішінде қазақтар – 27 153, орыстар – 101, татарлар – 169, басқалары – 74.

Ресей Федерациясының Саратов облысымен мемлекеттік шекараның ұзындығы 216 км құрайды.

Ресей Федерациясының Саратов облысымен Казталов, Болашақ, Қайынды, Қараоба және Қошанқөл ауылдық округтері шектеседі.

Ауданының әкімшілік бөлінісі: 16 ауылдық округ, 48 ауылдық елді мекен.

Аудан орталығынан Орал қаласына дейінгі қашықтық - 350 км.

### **Автомобиль жолдары**

Аудандық маңызы бар 524 шақырым жол бар. Оның 41 шақырымы асфальттадан (7,8%).

2023 жылды облыстық бюджеттен 668,4 млн. теңге қаражат бөлініп жалпы ұзындығы 9,8 шақырымды құрайтын Жаңатаң (мердігер «Табын 2007» ЖШС, жоба күны 580,5 млн. теңге) және Болашақ (мердігер «Жайық Жол Құрылыш» ЖШС, жоба күны 87,9 млн. теңге) ауылдарына кіреберіс жолдарын орташа жөндеу жұмыстары басталды, бұл жобалар етпелі, биыл аяқталатын болады.

«Ауыл ел-бесігі» бағдарламасымен 2023 жылды республикалық бюджеттен бөлінген 425,1 млн. теңге қаражатқа Бостандық ауылында 3,1 шақырым ауылшілік жолдарын қайта жаңарту жұмыстары басталды.

Қараоба ауылшілік жолдарын қайта жаңарту жобасы бойынша мердігер міндеттемелерді орындамау салдарынан келісім-шарт бұзылды.

Аудандық маңызы бар Талдыапан ауылына кіреберіс 11 шақырым жолын орташа жөндеу және Бесспішen-Қошанқөл-Қараоба бағыты бойынша 34 шақырым жолды күрделі жөндеу жұмыстарына және Қайынды және Қараөзен ауылдарының ауылшілік көшелерін реконструкциялау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргүде.

Облыстық маңызы бар Жалпақтал-Ақпатер 20 шақырым, Жалпақтал-Қарасу 20 шақырым жолын салуға облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы жобалық-сметалық құжаттамасы жасақталды, сараптамадан еткізуіді қажет етеді.

Аудан таралынан 2021 жылғы жасалған Казталов және Жалпақтал ауылдарының жолдарын қайта жаңарту бойынша жобаларын түзету жұмыстары аяқталуда. Жақын арада сараптамадан еткізіледі.

**ЖСК дайын, сараптамадан өткен 3 жоба бар:**

№	Жоба атаяуы	Жоба күны (млн теңге)	Жалпы ұзындығы, км	Сараптама нөмірі

1	БҚО Казталов ауданы Караөзен ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау (3 кеше) (Караөзен, Желтоқсан, Сүйгазиев көшелері)	107,9	0,892	13.06.2023 ж. АИМС-0077/23
2	БҚО Казталов ауданы "Талдыапан а. кіреберіс" 0-9 шақырым аудандық манызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу	912,5	9	16.01.2023 ж. №РЗ/БҚО-697/2022
3	БҚО, Казталов ауданы "Беспішен-Қошанқел-Қараоба" 49-64 шк аудандық манызы бар автомобиль жолын күрделі жөндеу	8 758,1	34	22.11.2023 ж. №STSar-0249/23
<b>Барлығы:</b>		<b>9 778,5</b>	<b>43,9</b>	

Сонымен қатар, қазіргі таңда 6 ЖСҚ жасакталуда:

№	Жоба атапу	Болжамды жоба құны (млн.теңге)	Ұзындығы, км
1	БҚО Казталов ауданы, Казталов ауылы С. Садықов көшесі автомобиль жолын қайта жанартуға жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу	107,1	0,4
2	БҚО Казталов ауданы Казталов ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау (түзету)	918,1	3,7
3	БҚО Казталов ауданы Жалпақтал ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау (түзету)	907,3	3,4
4	БҚО Казталов ауданы Ақпәтер ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау	1 853,3	7,5
5	БҚО Казталов ауданы Болашақ ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау	977,6	4,7
6	БҚО Казталов ауданы Қошанқел ауылының ауылшілік автомобиль жолдарын реконструкциялау	1 103,6	5,1

### Электрмен қамту

Аудан бойынша электр желілері 80 пайызға ескірген. Құні бүтін электраратушы желілердің ұзындығы – 2 731 шақырымды құрайды, бағана саны – 39 144, соның 2 524 шақырым электржелісін (92,4%), 36 193 бағанасын (92,5%), сонымен қатар 388 толық трансформаторлық қосалқы станцияның 40-ы жаңартуды қажет етеді.

Аудан бойынша өткен жылы Нұрсай, Әжібай, Әбіш, Жас елді мекендерінде 277 бағана, 19 шақырым электр сымдары ауыстырылды.

Сондай-ақ Ақпәтер ауылдарында электр желілері күрылсының (жоба күны – 145,7 млн. тг) жобалық-сметалық құжаттамасы дайын. Ағымдағы жылы Қайынды, Талдыапан ауылдарында электр желілері күрылсына жобалық-сметалық құжаттама жасақталатын болады.

### **Ауыз сүмен қамту**

Аудан бойынша 47 елді мекендерінің (29 416 тұрғыны бар) 27-сі (53%) таза ауыз сүмен жабдықталды.

Откен жылы 3 елді мекенге (Жас, Ақкурай, Оразғали) облыстық бюджеттен қаражат бөлініп блок - модульді кешендері орнатылып, іске қосылды.

Ауыз су өтпеген 19 елді мекен бар. Халық саны 200 адамнан асатын 6 ауылға (Жаңатан, Сатыбалды, Әбіш, Көпкүтір, Қемекші, Саралжын, Жас) су құбырын тарту арқылы орталықтандырылған сүмен қамту жоспарда бар. Ал 13 елді мекенге кешенді – блок модуль орнату қажет.

Болашакта аудан аумағында су тапшылығын алдын - алу мақсатында ауданында 9 елді мекеніндегі (Саралжын, Қаракөл, Бостандық, Әжібай, Казталовка, Қоңыс, Жаңажол, Қараөзен, Жалпақтал) 16 мыңға жуық тұрғынды қамтитын, Искра топтық су құбырын қайта құру жобасы жасақталуда (жобаның күны - 8,9 млрд. теңге).

Суды реттеу және деңгейін ұстап тұру үшін Жалнақтал ауылынан жоғары қарай Үлкен Өзен өзенінде су қоймасын салу жобасы жасақталуда (жобаның болжамдық күны – 4,5 млрд. теңге).

Қараоба, Жұлдыз ауылдарындағы су құбырларына реконструкция жасауға, Әжібай ауылына техникалық су жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама жасақталады.

### **Газбен қамту**

Аудандағы барлық елді мекендер 100% газбен қамтылған.

2023 жылы жалпы күны 854 млн. теңгені құрайтын 2 жоба іске асып, 7 елді мекенде (Талдықұдық, Қишенеталдықұдық, Бейстерек, Қемекші, Қектерек, Оразғали, Жұлдыз) әлеуметтік нысандар газға қосылды.

Ағымдағы жылы 12 елді мекендерінің 27 әлеуметтік нысанды газбен қамту үшін 4 жобалық-сметалық құжаттамалар жасақталуда

### **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері.**

Мемлекеттік аудитпен жалпы сомасы 6 896 276,0 мың теңге бюджет қаражатымен 8 объект қамтылды, оның ішінде үстеме тексеріспен 1 объект қамтылды, нәтижесінде объектілер бойынша келесі анықталды.

Аудиторлық іс-шара бюджет қаражатын пайдаланудың нәтижелілік және мәнділік көрсеткіштеріне сәйкес жүргізді.

Аудитпен Қазақстан Республикасы заңнамасы нормаларының, сондай-ақ оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері

актілерінің анықталған бұзушылықтарының жалпы сомасы 1 425 406,5 мың тенге анықталды. Соның ішінде:

- 1) қаржылық бұзушылықтар 252 462,7 мың тенге;
  - 2) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз пайдалану 8 562,1 мың тенге;
  - 3) бюджет қаражатын, активтерді тиімсіз жоспарлау 1 164 381,7 мың тенге;
- Сонымен қатар, 42 бірлік ресімдік бұзушылықтары анықталды.

Каржылық бұзушылықтар ішінде өтелуге жататыны 52 037,5 мың тенге, жұмыстармен (есепке алумен) қалпына келтіруге жататыны 200 425,2 мың тенге.

Аудит барысында 11 706,9 мың тенге өтелді, 73 090,0 мың тенге қалпына келтірілді. Экімшілік құқық бұзушылық белгілері бар 123 факті бойынша материалдар экімшілік іс журғізуді қозғау үшін үекілетті органдарға жолданды.

Анықталған бұзушылықтар мен кемпіліктерге ықпал еткен негізгі себептер бюджет, құрылымдық қызметі саласындағы, мемлекеттік сатып алу, автомобиль жолдарын басқару мен пайдалануды реттейтін заңнамаларының және басқа да нормативтік құқықтық актілер саласындағы заңнаманың тиісінше сақталмауынан. Атап айтқанда:

2023 жылы «Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ мен «Батыс СервисПлюс» ЖШС арасында 2023 жылғы 26 мамырдағы 86 105,6 мың тенге сомасына және «Таза Аудан» ЖШС арасында 41 764,8 мың тенге сомасына 2023-2025 жылдары БҚО Казталов ауданы Болашақ, Қектерек ауылдары мен Кошанкел ауылдық округі аумағында өрт сөндіру бекетін құру жөніндегі қызметтерді сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсету мерзімі жыл сайын 6 айды құрайды. Алайда, аудит бойынша жоғарыда аталған мердігерлік ұйымдар шарт бойынша 6 ай емес, нақты 5 ай жұмыс істегені анықталды.

«Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ «Мемлекеттік сатып алу туралы» КР Заңының 45-бабы 2-тармағының 3-тармақшасын бұза отырып, қызмет көрсету мерзімінің қысқаруына байланысты шарттар сомасын азайту жасамай нәтижесінде көрсетілмеген қызметтер үшін жалпы сомасы 5 162,7 мың тенгеге негізсіз төлемге жасалған.

Дәл осындай жағдай «Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ және Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің шаруашылық журғізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны арасында Жалпақтал кентінде орналасқан саябақтар мен скверлерді техникалық сүмен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы 2022 жылғы 18 мамырдағы №49 шарт бойынша жасалған жұмыс көлеміне қажеттілік азайған кезде анықталды, бұл орайда «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V КРЗ Заңының 45-бабы 2-тармағы 3-тармақшасында көзделген жасыл желектерді суару бойынша шарт сомасын 853,8 мың тенгеге азайту бөлігінде өзгерістер енгізілмеген.

Мемлекеттік аудит барысында «Казталов ауданының сәулет, қала құрылышы және құрылым бөлімі» ММ «БҚО Казталов ауданының Қемекші, Қектерек, Оразғали және Жұлдыз ауылдарының әлеуметтік объектілерін газбен жабдықтау

желілерінің құрылышы» объектісі бойынша әзірлеушісі «STROYCONSALTING» ЖШС жобалау үйімі болып табылатын жобалау-сметалық құжаттамасы зерделеніп, онда бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада жұмыстардың құрамында көрсетілген жалпы жұмыс көлемі бойынша 44 329,8 мың тенге сомасына артуы анықталды.

**Жоғарыда аталған заңнаманы бұзу фактілері бойынша материалдар Облыстың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жолданды.**

Сондай-ақ, жоғарыда көрсетілген жобалау-сметалық құжаттама сараптамадан өтіп, 29.04.2021 жылғы №TSL-0011/21 нөмерімен «Техстрой-Лия»ЖШС оң қорытынды бергенін ескеру қажет.

Жұмыс түрлерін асыра бағалау фактілері жобалық үйімның және жобага сараптама жүргізген үйімның біліктілігіне күмән келтіреді. Жобалық құжаттаманың қанағаттанарлықсыз сапасының тағы бір себебі Казталов ауданының сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімінің басшысы мен қызметкерлерінің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі, олардың нормативтік құжаттаманы нашар білуі. Аталған фактілер көптеген қателіктердің орын алуына әкеліп отыр.

**«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңының 64-8 бабына сәйкес, сараптама жүргізілгеннен кейін бекітуге ұсынылған сапасыз жобалар үшін сараптама үйімдары жобалардың тиісті әзірлеушілерімен қатар жауаптылықта болады.**

**«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-У ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексінің 312-бабы 1-тармагы және 317-бабы 2-тармагына сәйкес, техникалық регламенттерде белгіленген талаптарды қоспағанда, сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен мемлекеттік нормативтердің талаптарын бұза отырып, жобалау алдындағы, іздестіру, жобалау, құрылыш-монтаждау жұмыстарын орындау – лауазымды адамдарға – алтыс, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жұз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жеті жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуга әкел сөгады, ал жобаларға сараптаманы жузеге асыратын тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін және тұргызылып жатқан не тұргызылған объектілердің орнықтылығын, сенімділігін және беріктігін қамтамасыз етпейтін жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасына сараптаманың (сараптамалық бағалаудың) оң қорытындысын беруі - жобаларға сараптаманы жузеге асыру құқығына сарапты аттестатының қолданылуын алты ай мерзімге тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға бір жұз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуга әкел сөгады.**

Тапсырыс беруші «Казталов ауданының сәулет, қала құрылышы және құрылыш бөлімі» ММ, мердігері «Арай-НС компаниясы» ЖШС болып табылатын осы құрылыш объектісі бойынша бақылау өлшемі (тексеру) жүргізілді.

Мұдделі тұлғалар, оның ішінде «Арай-НС компаниясы» ЖШС бас мердігер, «Алатау сапа құрылымы» ЖШС техникалық қадағалауы, «STROYCONSALTING» ЖШС авторлық қадағалауы «Казталов ауданының сәулет, қала құрылымы және құрылым бөлімі» ММ 29.02.2024 жылғы №01-6/121 және №01-6/122, №01-6/123 шығыс хатымен бақылау өлшемін (тексеруді) жүргізу туралы хабардар етілді.

Алайда, белгілентген күні мердігердің, авторлық және техникалық қадағалаудың өкілдері бақылау өлшеміне келмеді.

Бақылау өлшемі (тексеру) сметалық құжаттаманың нақты орындалған жұмыстарға сәйкестігін және орындалған жұмыстар актілерінің дұрыстығын растау мақсатында аудит объектісінің өкілі – құрылым бөлімінің басшысы Р.Б. Шариповтың катысуымен жүргізілді.

Объектінің жалпы құны 262 453,4 мың теңгені құрайды.

Орындалған көлемдерді Тапсырыс беруші №2 нысан бойынша орындалған жұмыстар актілеріне сәйкес қабылдады.

Бөлім бекітілген жобалау-сметалық құжаттаманы қағаз түрінде ұсынбай, тек электрондық нұсқасы берілген, сондай-ақ атқарушылық құжаттама да жоқ.

Бақылау өлшемі (тексеру) барысында жалпы сомасы 105 668,5 мың теңгеге бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада көзделген жұмыстардың орындалмаған көлемі анықталды.

Бұл ретте, бақылау тексерісі барысында ЖСҚ-да көзделмеген қосымша жұмыс түрлерінің орындалуы анықталды.

Алайда, қосымша жұмыс түрлеріне келісім хаттамасы және сметалар болмауына байланысты қосымша жұмыс көлемін бағалау мүмкін болмады.

Бөлім басшысы Р.Б. Шариповтың түсіндірме жазбасына сәйкес жұмыстардың кейбір түрлері жұмыстың басқа түрлеріне ауызша түрде қайта келісілді, объект қосымша жұмыс түрлеріне қол қойылған келісу хаттамасы және сметасы болмаған жағдай орын алыш тұрса да, пайдалануга қабылданды.

Осылайша, «Казталов ауданының сәулет, қала құрылымы және құрылым бөлімі» ММ Бюджет Кодексінің 97-бабы 6-тармағын бұза отырып, орындалған жұмыстарды растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген, нәтижесінде «Арай-НС» ЖШС бюджет қаражатын негізсіз төледі.

**Жоғарыда аталған заң бұзушылық фактілері бойынша материалдар Облыстың сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне жолданы.**

Сондай-ақ, нақты орындалған жұмыстарды орындалған жұмыстар актілерінде және жобалау-сметалық құжаттамада көрсетілген деректермен салыстыру кезінде бақылау өлшемінің (тексеру) нәтижесі бойынша Тапсырыс беруші «Казталов ауданының сәулет, қала құрылымы және құрылым бөлімі» ММ болыш табылатын «Казталов ауданының Қайынды ауылында 150 орындық мәдениет үйінің құрылымы» объектісінде мердігер «ДаренСтройСервис» ЖШС-мен жалпы сомасы 11 187,0 мың теңгеге орындалмаган жұмыстардың көлемі анықталды.

Сондай-ақ, Тапсырыс беруші ауданының ТКШ, ЖМ және АД бөлімі болыш табылатын «БҚО Казталов ауданы Болашақ ауылдық округінің Болашақ ауылына кіреберістердің 0-1 км аудандық маңызы бар автожолын орташа

**жөндеу»** объектісі бойынша бақылау өлшемінің (тексерудің) нәтижесінде сметалық есепте көзделген және 2023 жылғы қарашадағы №2 орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне енгізілген көлемі 316,2 м<sup>3</sup>, бағасы **4 116,9 мың теңгені** құрайтын ГОСТ-23735-2014 сусымалы құрылым материалы, табиги құм-қырышық тас қоспасы болмағаны анықталды.

Бұдан басқа, 16 782,8 мың теңгеге 2023 жылғы қарашадағы №2 орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне 3288,7 т.км көлемінде құрылым материалдарын (құмтас және асфальтобетон қоспасы) тасымалдау жөніндегі көлік шығыстары енгізілген.

Жөнделетін участкеде 840,6 м<sup>3</sup> көлемінде асфальтбетон қоспасының және 316,2 м<sup>3</sup> көлемінде құм-қырышық тас қоспасының болмауына байланысты көлік шығыстарының жалпы құнынан 2023 жылғы қарашадағы №2 орындалған жұмыстар актісіне оларды тасымалдауға 1346,6 т. км көлемінде **6 362,8 мың теңге** сметалық құнына көлік шығыстары енгізілмеу керек болатын.

**«Жайық Жол Құрылым»** ЖШС орындаған тасымалдау шығындарының және материалдың жалпы құны **10 479,7 мың теңгені** құрайды.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV КР Бюджет Кодексінің 97-бабының б-тармағын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бүйрекімен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылым салушының) қызметін үйімдастырудың және функцияларын жүзеге асыру қағидаларының 12-тармағы 4-тармақшасы бұза отырып, «БҚО Касталов ауданы Болашақ ауылдық округінің Болашақ ауылына кіреберістердің 0-1 км аудандық маңызы бар автожолын орташа жөндеу» жобасы бойынша Бөлім орындалған жұмыстарға телем жасау кезінде құрылым материалдарын тасымалдау бойынша орындалған жұмыстарды және олардың құнын **10 479,7 мың теңге** сомасына растаудың дұрыстығын қамтамасыз етпеген.

*«Қазақстан Республикасындагы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңының 34-бабы 2-4-тармагына сәйкес, авторлық қадагалауды жүзеге асыратын тұлғалар жүктелген міндеттерді орындағаны (тиісінше орындағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырганы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.*

*«Қазақстан Республикасындагы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі N 242 Заңының 34-1-бабы 6-тармагына сәйкес, техникалық қадагалауды жүзеге асыратын тұлға міндеттерді орындағаны (тиісінше орындағаны) не өз қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұза отырып жүзеге асырганы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.*

**«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы»** 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V КРЗ Қазақстан Республикасының Кодексінің 317-бабы 3-тармагына сәйкес, техникалық қадагалауды жүзеге асыратын тұлғалардың орындалған

*жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, қабылдануын және объектінің пайдалануға тапсырылуын қоса алғанда, жобаны іске асыру сатысында бұзушылықтарға жол беруі – техникалық қадағалау жүргізу құқығына сарапты аттестатының қолданысын алты ай мерзімге тоқтата турып, жеке тұлғаларға бір жұз сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуга әкеп согады.*

**Жоғарыда аталған заң бұзушылық фактілері бойынша материалдар Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік сәulet-құрылымы бақылауы басқармасына мердігерлердің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылығын қарау үшін жолданды.**

### **Төтенше резерв есебінен іс-шаралар өткізу**

Касталов ауданы әкімінің 2023 жылғы 07 қыркүйектегі №200 қаулысы негізінде 106 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде Касталов ауданының Жалпақтал ауылындағы сорғы станциясында техногендік сипаттағы аварияны жою үшін -7 714,7 мың теңге бөлінді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заның 39-бабы З-тармағының 4-тармақшасы негізінде бөлім басшысы Теміргалиев Жанболат Серікқалиұлы атынан әрекет етуші бөлім және «Ақтөбе акваториясы» ЖШС арасында 1 данасы 474,5 мың теңге болатын ПР200-220.4.1.0 бағдарламаланатын релесін мемлекеттік сатып алу туралы 2023 жылғы 07 қыркүйектегі №65 шарт жасалды. Тауар 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 18275 жүккүжат бойынша жеткізілді.

2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 370 төлем шотына сәйкес 474,5 мың теңге төленді.

2023 жылғы 07 қыркүйекте бөлім басшысы Теміргалиев Жанболат Серікқалиұлы атынан әрекет етуші бөлім «Ақтөбе акваториясы» ЖШС-мен 100,0 мың теңге сомасына бағдарламаланатын ПР200.4.1.0 релесін орнату жөніндегі маманың жұмыстарын бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 65-1 шарт жасаған.

Тараптар №18261 қызметтерді орындау актісіне 2023 жылғы 12 қыркүйекте қол қойды.

Бөлім 2023 жылғы 07 қыркүйектегі № 65-1 шарт бойынша 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №4582008/23-371 төлем шотына сәйкес жалпы сомасы 100,0 мың теңгеге төлем жүргізді.

2023 жылғы 07 қыркүйекте бөлім басшысы Теміргалиев Жанболат Серікқалиұлы атынан әрекет етеуші бөлім «Есқалиева» ЖК-мен Қасталов ауданының 1-ші Егінсай көтеру, құбырларды бөлшектеу, монтаждау және терендік сорғысын ауыстыру жөніндегі жұмыстарды 7 140, 0 мың теңге сомасына ККС-сыз бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы №66 шарт жасалды.

Тараптар 7 140,0 мың теңге сомасында № 2орындалған жұмыстар актісіне 2023 жылғы 12 қыркүйекте қол қойды.

Бөлім 2023 жылғы 14 қыркүйектегі төлем шотына сәйкес 6 000,0 мың теңге сомасына және 2023 жылғы 28 қыркүйектегі төлем шотына 1 140, 0 мың теңге сомасына толық көлемде төлем жүргізді.

Аудит объектісінде жұмыстардың жөндеу күнын есептеу (сметалық есеп) және материалдар мен жабдықтардың нақты күнын анықтау (прайс-парақтар, баға ұсыныстары) бойынша растайтын күжаттар жоқ екенін атап өткен жөн, бұл жұмыстардың нақты орындалуын және олардың күнын анықтау жөніндегі нормативтерге сәйкестігін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Аудиторлық іс-шара шеңберінде бөлім 2023 жылғы 23 ақпанда «Есқалиев» ЖК-не «Касталов ауданының 1-ші Егінсай көтеру, құбырларды бөлшектеу, монтаждау және терендік сорғысын ауыстыру» объектісі бойынша қажетті күжаттарды ұсыну және бақылау өлшеміне (көзбен шолып тексеруге) қатысу қажеттілігі туралы хат жолдады, алайда кәсіпорын оны орындаламады.

Орындалған жұмыстар үшін төлем тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қагидаларымен анықталады, бұл ретте, Тапсырыс беруші мердігердің операциялық-шаруашылық қызметіне араласпай, орындалған жұмыстар көлемін, бағаның негізділігін, сондай-ақ мердігерлік ұйым, өнім берушілер және басқа ұйымдар орындаған жұмыс (қызмет), жеткізілген өнім және басқа жасалған шығындар үшін төлеуге ұсынылған күжаттардағы мәліметтерді тексереді.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV КР Бюджет кодексінің 97-бабы б-тармағын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 229 бұйрығымен бекітілген Тапсырыс берушінің (құрылыш салушының) қызметін ұйымдастырудың және функцияларын жүзеге асырудың қагидаларының 12-тармағы 4-тармақшасының 4-бөлігін бұза отырып, ауданның ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі «Касталов ауданының 1-ші Егінсай көтеру, құбырларды бөлшектеу, монтаждау және терендік сорғысын ауыстыру» объектісі бойынша орындалған жұмыстар үшін ешқандай күжаттарсыз 7 140 мың теңге төлем аударған.

**Жоғарыда аталған заң бұзушылық фактілері бойынша материалдар Облыстың сыйайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне берілді.**

### **Елді мекендердің санитариясы**

Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға жүргізілген аудит барысында 2022 жылдың бөлінген қаражат ауылдық округ аумағынан ауыз суды дезинфекциялауға және қоқысты шыгаруға бағытталғаны, оның ішінде 921,0 мың теңге шахта құдығын орнатуға бағытталғаны анықталды.

«БКО Касталов ауданы Касталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мен «АЙҚЫН» ЖК арасында су ұнғымаларын бұргылау жөніндегі жұмыстарды жүзеге

асыру бойынша 2.12.2022 жылғы №201 мемлекеттік сатып алу туралы шарт және 921,0 мың теңге сомасына соған байланысты жұмыстар жасалды.

Орындалған жұмыстардың электрондық актісі 13.02.2022 жылы 920,9 мың теңге сомасына бекітілді.

Аудит барысында БҚО Казталов ауданы Сексембаев ауылына барып, шахта құдығын орнату бойынша жұмыстардың дұрыстығын растау мақсатында бақылау тексеру жүргізілді.

Тексеру барысында құдықтың жұмыс істемейтіні анықталды. Сонымен қатар, құдық ойпаң жерде орналасқан және толықтай еріген сүмен толтырылып беті мұз қабатымен басып қалуына байланысты оның ішкі құрылымын тексеру мүмкін болмады.

Казталов ауылдық округі әкімінің түсіндірмесі бойынша, құдықты орнату барысында құдықтағы судың тұзды және ішуге жарамсыз екендігі анықталды, осыған байланысты құдықты іске қосу жұмыстары тоқталылып, тірек және қоршau конструкцияларын орнату жұмыстары орынсыз деп танылды және қалған материалдар басқа қажеттіліктерге пайдаланылды.

Тексеру нәтижесінде сметада көзделген жұмыстар мен шығындардың мынадай атаулары жоқ екені анықталды:

- оқшауланған металл тұтқасы бар люк-7 122 теңге;
- металл конструкцияларын монтаждау-15005 теңге;
- металл конструкцияларының құны - 88 610 теңге;
- жаймалау профильдерінен орнатылған металл конструкциялар. Екі қабатта эмальмен бояу - 6 453 теңге;
- Жаймалау парактан жасалған шатыр жабыны. Монтаждау - 4712 теңге;
- полимерлі жабыны бар мырышталған жаймалау парагы... - 11 974 теңге;
- шағын жабындар мен қаңылтыр болаттан жасалған қаптамалар құрылғысы-6099 теңге.

Осыған қарамастан, орындалған жұмыстар актісі қабылданып және толық көлемде төленген.

ҚР Бюджет Кодексінің 96-бабының 6-тармағын бұза отырып, «Казталов ауылдық округінің әкімдігі» ММ жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес орындалған жұмыстардың дұрыстығын қамтамасыз етпеді, бұл орындалмаған жұмыс көлемі үшін 139,9 мың теңгені негізсіз төлеуге әкелді.

Сондай-ақ, бүгінгі күні Сексембаев кентінің халқы тасымал ауыз суды пайдаланатынын, тиісінше 921,0 мың теңге сомасындағы бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалғанын, қарапайым тілмен айтқанда бюджет қаражаты ауаға үшкәнмен тен.

ҚР Бюджет Кодексінің 4-бабының 6-тармақшасын бұза отырып, халықты ауыз сүмен қамтамасыз ету жөніндегі бюджеттік бағдарламаның жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізілмеді, бұл бюджет қаражатының 921,0 мың теңгені тиімсіз пайдаланылуына әкелді.

Елді мекенді абаттандыруға және көгалдандыруға бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға жүргізілген аудит барысында «БҚО Казталов ауданы

Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мен «Отарбаева» ЖК арасында 1 500,0 мың теңге сомасына 28.06.2022 жылғы №94 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғаны анықталды. Шарттың талаптарына сәйкес мердігер жол бойындағы жасыл жалектерге арналған «Электр бағбан» қоршауын орнату бойынша жұмыстарды орындауда міндеттенеді.

Орындалған жұмыстардың электрондық актісі 1 500 мың теңге сомасына 23.07.2022 бекітілді және толық көлемде төленген.

Аудит барысында Шартта көрсетілген «Электр бағбан» қоршауын орнату жұмыстары орындалмағаны анықталды. Қоршаупардың бөлшектері мен жинақтауыштары мемлекеттік мекеменің қоймасында тұрғаны, бұл ретте электр сымы бар 11 орауыштың 8-і қаптамада мөрленген түрде жана күйінде сакталып тұрғанын атап өту қажет.

Нәтижесінде, 2022 жылдан бастап мекеме қоймасында тұрған қажетсіз жабдықтарды сатып алу үшін 1500,0 мың теңге сомасында бюджет қаражаты жұмсалды.

КР Бюджет Кодексінің 4-бабының 6-тармақшасын бұза отырып, жасыл жалектерді қоршау бойынша жұмыстар орындалмады, бұл 1 500,0 мың теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға әкелді.

### ***Мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінің сәйкестік аудиті***

Мемлекеттік аудит барысында мыналар анықталды:

Казталов ауданының мемлекеттік мекемелері 2022-2023 жылдары КР Еңбек кодексін, Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын үйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін, Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларының бұзылуына жол берген, жалақы және еңбек демалысының төлемі, сонымен қатар қызмет көрсету аясын кеңейткені үшін және мекеме басшысының жұмыстарын жүргізгені үшін 1 878 мың теңгеге артық төлем жасалған.

- «Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ жалпы сомасы 345,4 мың теңге жалақы және демалыс төлемдері бойынша артық төлем.

- «БҚО Казталов ауданының тұргын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жсолдары бөлімі» ММ қызмет көрсету аймагын кеңейту үшін Бөлім басшысының лауазымдық жалақысының 30% мөлишерінде 57,2 мың теңге сомасына қосымша ақы есептелді.

- «Казталов ауданының экономика және қаржы болімі» ММ бөлім басшысының міндеттін уақытша атқарғаны үшін 130,4 мың теңге сомасында негізсіз қосымша ақы.

- «Казталов ауданының сәулет, қала құрылышы және құрылыш болімі» ММ мекеменің демалыс қызметкерлеріне 113,81 мың теңге сомасында артық төлем жасауға жсол берілді.

- «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ қызмет көрсету аймагын кеңейту және мекеме басшысының жұмысын жүргізу үшін жалпы сомасы 528,4 мың теңгеге қосымша ақылар негізсіз есептелді.
- «Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекеменің демалыс қызметкерлеріне 138,4 мың теңге сомасында артық төлем жасауга жол берілді.
- «Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ 86,9 мың теңге сомасына артық жалақы төленді.
- «Казталов ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ қызметкердің картчетіне негізсіз 286,2 мың теңге аударылды;
- «Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жалпы сомасы 191,3 мың теңгеге 5 қызметкер бойынша еңбек демалысының сомасын артық төлеу.

Аудит барысында бюджет кірісіне 39,2 мың теңге өтеді.

Ауданның ТКШ, ЖК және АЖ бөлімі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі), «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын сақтамай, жалпы сомасы 127,0 мың теңгеге жеке табыс салығы (ЖТС), міндетті зейнетакы жарналары (МЗЖ), міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС), МӘМС жарналары, әлеуметтік аударымдар артық ұсталып, аударылған.

Бұдан басқа, 01.01.2022 жылғы жағдай бойынша, 01.01.2023 жылғы жағдай бойынша, 01.01.2024 жылғы жағдай бойынша 1261 «Есеп беретін тұлғалармен есеп айырысу» қосалқы шотының бухгалтерлік есебінің деректері бойынша жұмыстан босатылған 2 қызметкер бойынша жалпы сомасы 88,5 мың теңгеге іссапар шығыстарының дебиторлық берешегі есептеледі.

Жоғарыда мазмұндалғандарға байланысты, «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысы, «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1428 Қаулысы, «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысының 6-тармағы сақталмаған, яғни жауапты адамдар іссапардан оралғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде іссапар бойынша шығыстар туралы растаушы құжаттарды қоса бере отырып, іссапар туралы есепті ұсынбаған.

Сонымен катар, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Бұйрығының 174-тармағын сақтамай, есеп беретін тұлғалар іссапар туралы есептерді және ақшалай қаражаттың іс жүзіндегі шығыстары туралы аванстық есептерді белгіленген мерзімде ұсынбаған немесе

аванстың пайдаланылмаған қалдығын кассаға қайтармаған жағдайда 88,5 мың теңгені құрайтын осы берешекті жалақыдан үстауды жүргізбекен.

«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасының 4-бабы, 7-бабының 4,5-тармағы, «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 Бұйрығының 15-тармағын сактамай, «Казталов ауылдық округті әкімінің аппараты» ММ бухгалтерлік есепке қабылданған алғашқы құжаттарда мазмұндалған ақпарат есеп тіркелімінде көрсетпеген, бұл өз кезеңінде 2022 жылы жалпы сомасы 2 476,0 мың теңгеге, 2023 жылы 1 024,7 мың теңгеге қаржылық есептіліктің бұрмалануына әкелді.

### ***Бюджет қаражатын пайдалану аудиті.***

«Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ «Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының альбомын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 2 тамыздағы № 390 бұйрығының 18-қосымшасының бұзылуына жол берген, бұл орайда жол параптартын толтыру белгіленген нысанға сәйкес келмейді.

Жол параптарты бойынша жүріп өткен километражды ескере отырып, тексерілетін кезеңде аудитпен «Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ 2022-2023 жылдары КР заннамасымен бекітілген автокөліктің ай сайынғы жүрісі бойынша лимиттерді сактамаганы анықталды, бұл бюджет қаражатының тиімсіз пайдаланылуына әкеп соқтырды, яғни КР заннамасымен бекітілген заттай нормалардан асып кетті.

Аудит барысында автокөліктің жекелеген бірліктерінің жүрісіне және 2023 жылы ЖЖМ есептен шығаруға талдау жүргізіліп, нәтижесінде төмендегі автомобилдердің ай сайынғы жүрісі бойынша лимиттің сакталмағаны анықталды:

Toyota Land Cruiser 150, мемлекеттік нөмірі 018RK07 20 415 км.,  
JAC S5, мемлекеттік нөмір 049AU07 26 572 км.,  
JAC S5, мемлекеттік нөмір 029AU07 39 435 км.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 17.03.2015 жылғы №179 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобилдермен, телефон байланысымен, оғистік жиһазмен және мемлекеттік органдар аппаратын орналастыруға арналған алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларының» 1-қосымшасы, Батыс Қазақстан облысы әкімінің 02.02.2021 жылғы №3 шешімінің 1-қосымшасы, сондай-ақ аудан әкімінің 8.02.2021 жылғы №5 шешімінің 1-қосымшасын бұза отырып, «Казталов ауданы әкімінің аппараты» ММ ай сайын 86,4 мың автомобиль жүгірісі бойынша лимиттерін сактамай, бұл 2 443,7 мың теңге сомасына бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға әкелді

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V КРЗ Қазақстан Республикасы Кодексінің 234-1 тармагына сәйкес, бекітілген заттай нормалардан асырудан көрінген бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану лауазымды адамдарға бір жуз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппул салуга алып келеді.

Аудит барысында ЖЖМ сатып алуға қаражатты жоспарлау кезінде мемлекеттік органдарды қамтамасыз етудің заттай нормаларын сақтау мәселесі қаралды.

КР Бюджет кодексінің 4-бабының 9, 12-тармактарын бұза отырып, шығыстарды асыра бағалауға және бюджет қаражатын 9 573,2 мың теңге сомаға тиімсіз жоспарлауға жол берілді.

«Казталов ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ 2022-2023 жылдары Құрделі шығыстарды жоспарлау кезінде Бюджет кодексінің 4-бабында көзделген негізділік пен тиімділік қағидатын сақтамай негізгі қуралдар сатып алған, жалпы сомасы 1 308, 5 мың теңгеге негізгі қуралдар кейіннен «Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» ММ тенгеріміне берілді, атап айтқанда: 358,1 мың теңге сомасына 2 дана ARG кондиционер, 60,0 мың теңге сомасына 1 дана кресло және 200,0 мың теңге сомасына 20 дана орындық, 95,2 мың теңге сомасына басшыға арналған үстел, 95,2 мың теңге сомасына кеңес өткізуға арналған үстел, 500,0 мың теңге сомасына төлемдерді қабылдау жөніндегі автомат.

Тексерілетін кезеңде негізгі қуралдарды есепке алу аудитімен ауданының мемлекеттік мекемелерінің тенгерімінде күні бүтінгө дейін орнатылмаған және пайдаланылмай тұрған 2021 және 2022 жылдары сатып алынған Microsoft Offise business және Microsoft Windows 10 Professional бағдарламалық қамтамасыз ету бар екендігі анықталды, бұл ретте мемлекет активтерін пайдалану кезінде 2 408,9 мың теңгеге Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы №95-IV Бюджет Кодексінің 4-бабында көзделген тиімділік қағидаты және Қазақстан Республикасы 2011 жылғы 01 наурыздағы № 413-IV «Мемлекеттік мұлік туралы» Занының 6-бабы сақталмағанын байқаймыз, атап айтқанда:

- «Казталов ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ - жалпы сомасы 559,9 мың теңге.

- «Казталов ауданының саулет, қала құрылышы және құрылымы бөлімі» ММ - жалпы сомасы 629,9 мың теңге.

- «Казталов ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жсолаушылар көлігі және автомобиль жсолдары бөлімі» ММ - жалпы сомасы 385,5 мың теңге.

- «Казталов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, деңе тәрбиесі және спорт бөлімі» ММ жалпы сомасы 478,0 мың теңге.

- «Казталов ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ жалпы сомасы 355,6 мың теңге.

### **Мәдени-демалыс жұмыстарын және спорттық жарыстарды өткізуға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылуына аудит.**

Қаржыландыру жиынтық жоспарына сәйкес, «Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының мәдениет, тілдерді дамыту деңе шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-і мен «С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы» МҚҚҚ-мен кәсіпорын шығынын субсидиялау бойынша келісім шарттар, оның ішінде: 2022 жылдың 11 қантарындағы №1 келісіммен 2022 жылға 433 952,0 мың теңгеге, 2023 жылдың 09 қантарындағы №1 келісіммен 2023 жылға 545 514,0

мың теңгеге, 2024 жылдың 04 қантарындағы №1 келісіммен 2024 жылға 765 281,0 мың теңгеге жасалған.

Алайда, бюджет есебінен кәсіпорын шығынын субсидиялау барысында, кәсіпорынның меншікті қаражаты есепке алынбаған, атап айтқанда: 2022 жылы нақты меншікті қаражаты 470,65 мың теңге (жоспар 2 820,0 мың теңге), 2023 жылы нақты меншікті қаражаты 1 561,0 мың теңге (жоспар 3 150,0 мың теңге), 2024 жылы жоспарлы меншікті қаражаты 3 150,0 мың теңге.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 354 бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының 5-тармағы бұзылып, кәсіпорынның шығындарын жабу үшін бюджет қаражаты есебінен субсидиялау барысында, кәсіпорынның меншікті қаражаттары 5 181,6 мың теңге есепке алынбаған.

Аудит барысында кәсіпорынның 2024 жылғы 06 наурыздағы №179 төлем тапсырысымен 5 181,65 мың теңге жергілікті бюджет кірісіне аударылды.

### **Негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды есепке алу аудиті.**

Негізгі құралдар мен тауарлық-материалдық құндылықтарды есепке алу аудитімен «Касталов ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы З тамыздағы №393 бүйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларының 19-тармағын бұза отырып, материалдық құндылықтарды сактауға жауапты адаммен толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасалмағаны анықталды

### **Жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу.**

Қарыз шарттарының 2.5.4-тармағын бұза отырып, 53 қарыз алушы шарттарда, оның ішінде жалпы сомасы **4 047,6 мың теңгеге** төлемдер кестесінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кредиттерді уақтылы өтеу жөніндегі міндеттерді орындаған.

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 94-бабының 2-тармағын бұза отырып, «Касталов ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ бюджетке түсетін түсімдерді өндіріп алуға жауапты уәкілетті орган ретінде мерзімі өткен бюджеттік кредиттер бойынша берешектер түсімдерінің толықтығы мен уақтылығын қамтамасыз етпеген.

### **Шарттар талаптарының орындалуына, оның ішінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуына аудит жүргізу.**

Касталов ауданының мемлекеттік мекемелері мен кәсіпорындары «Мемлекеттік сатып алу туралы» КР Заңын, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын және КР Азаматтық кодексін бұза отырып, жалпы сомасы **334,6 мың теңгеге** тауарды жеткізу және жұмыстарды орындауд мен қызмет

көрсетуді мерзімінен кешіктірген әрбір күн үшін өнім берушілерден 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстап қалуды (өндіріп алуды) жүргізген жок. Соның ішінде:

- «Казталов ауданының саулет, қала құрылышы және құрылымдардың бөлімі» ММ «Арай-НС компаниясы» ЖШС жеткізуішінен «БКО Казталов ауданының Қемекші, Қектерек, Оразғали және Жұлдыз ауылдарының алеуметтік нысандарын газбен жабдықтау желілерінің құрылышы «объектісі бойынша 22 264,8 мың теңге

- «С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы» МКҚҚ «SAIMAN» жеке қасіпкерінен киім тігу жұмыстары келісім шарты бойынша 8,5 мың теңге.

- «С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы» МКҚҚ «Качалова Александара Николаевна» жеке қасіпкерінен 2- дана басқару пультін сатып алу 8,1 мың теңге.

- «С.Садықов атындағы Казталов аудандық мәдени демалыс орталығы» МКҚҚ «SOUL» жеке қасіпкерінен киім тігу жұмыстары бойынша 40,3 мың теңге.

- «Казталов ауданы Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ «ӨСКЕН ПРОЕКТ» ЖК жеткізуішінен Жалпақтал ауылындағы ҚТҚ аумағын күтіп ұстау бойынша сметалық құжаттаманы уақтылы дайындағаны үшін 0,3 мың теңге

- «Казталов ауданы Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ «ӨСКЕН ПРОЕКТ» жеткізуішінен Жалпақтал ауылында текше қазу бойынша сметалық құжаттаманы дайындау бойынша жұмыстарды кешіктіргені үшін 0,01 мың теңге

- «Казталов ауданы Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ «Nova Atrium» ЖШС жеткізуішінен Жалпақтал ауылында футбол стадионын орнату бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы жасау бойынша жұмыстарды кешіктіргені үшін 0,9 мың теңге сомасында.

- «Казталов ауданы Жалпақтал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ «STROYELITE-2050» ЖШС-мен 2022 жылғы 18 қазандагы № 108 шарт бойынша жұмыстарды орындауды кешіктіргені үшін 0,2 мың теңге сомасында тұрақсыздық айыбын өндіріп алу қамтамасыз етілмеген

